

"Шалқар ауданы бойынша азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарға жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік ставкаларды белгілеу туралы" 2014 жылғы 27 мамырдағы № 161 аудандық мәслихаттың шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2016 жылғы 11 сәуірдегі № 11 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 06 мамырда № 4897 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2019 жылғы 6 мамырдағы № 338 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 06.05.2019 № 338 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 139 бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18 бабына сәйкес Шалқар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 27 мамырдағы № 161 "Шалқар ауданы бойынша азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарға жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік ставкаларды белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3924 санымен тіркелген, 2014 жылғы 19 маусымда "Шалқар" газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

шешімнің кіріспе бөлігі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 139 бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды

мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18 бабына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың
сессия төрағасы*

О. Уксакбаев

Аудандық мәслихаттың хатшысы

С. Бигеев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК